

2015 ж. 12

010940005374
398-1958-16-лг.4
2015 ж. 09

Шардара ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 14 қазандағы
№414 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

**Шардара аудандық білім бөлімінің «№12 жалпы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің**

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Шардара аудандық білім бөлімінің «№12 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-коммуналдық мемлекеттік мекеме) коммерциялық емес ұйым, болып табылады.
2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Шардара ауданының әкімдігі (бұдан әрі-құрылтайшы), тиісті сала бойынша уәкілетті органы Шардара аудандық білім бөлімі (бұдан әрі- уәкілетті органы) болып табылады.
Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Заңдарға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, оны қайта құру және тарату мәселелерін шешеді.
Құрылтайшының заңды мекен жайы: ОҚО, 161400, Шардара қаласы, Төле би көшесі, 12.
3. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық
4. Коммуналдық мемлекеттік мекеме заңды тұлға болып табылады және оны құрылтайшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрады.
5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметін құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
6. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметінде ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» Заңдарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы өзге де заңнамалары мен нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар, осы Жарғыны басшылыққа алады.
7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке балансы, қазынашылықта шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған бланкілері, мөрлері мен мөртабандары болады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңда тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.
9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің толық атауы: мемлекеттік тілде: Шардара аудандық білім бөлімінің «№12 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Общая средняя школа №12» отдела образования Шардаринского района
10. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: ОҚО, 161400, Шардара қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, н/з.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің нысаны мен мақсаты

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің негізгі нысаны мен мақсаты:
1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШАРДАРА АУДАНЫ АҚІМДІГІ
ТЕКІЗЕРІНІ

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге. Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мекемені құру мақсатына сай келмейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

3. Мүлікті қалыптастыру және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру тәртібі

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме аудандық коммуналдық меншікке жататын жекеленген мүлікті жедел басқаруға құқығы бар.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлігі құрылтайшы берген мүлік есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлардан және айналым қаражатынан, сондай-ақ құны коммуналдық мемлекеттік мекеменің балансында көрсетілген өзге де мүліктен тұрады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иелігінен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен иелік етуіне құқығы жоқ.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме заңнамаға белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

15. Білім беру мекемелеріндегі бухгалтерлік есепті білім бөлімі жанындағы орталықтандырылған бухгалтерия арқылы жүзеге асырылады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және тексеріс жүргізуді заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Уәкілетті органның құзыреті

17. Уәкілетті орган:

1) азаматтардың білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз етеді;

2) Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсатын айқындайды;

3) Коммуналдық мемлекеттік мекемеге тиесілі мүліктің мақсаты бойынша қолданылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асырады;


4) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің әдістемелік және ұйымдық басқаруды жүзеге асырады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемені директор басқарады.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директорын басқару органы лауазымға тағайындайды және босатады.

20. Директор коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін дербес жауапкершілікте болады.



21. Директор коммуналдық мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның атынан мекемелер мен ұйымдарда өкілдік етеді, заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлігіне иелік етеді, шарттар жасайды, сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді.

22. Директор кадрларды іріктеуді және орналастыруды қамтамасыз етеді, персоналдың жұмысын басқаруды, олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады.

23. Директор коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметіне қатысты бұйрықтар шығарады, еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады. марапаттау шараларын қабылдайды және қызметкерлерге тәртіптік жазалар қолданады.

6. Мекемеге қабылдау тәртібі

24. Білім беру ұйымдарының қызмет көрсету аумақтарында тұратын барлық балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі үлгілік қабылдау ережелерінің негізінде жергілікті атқарушы органдары бекіткен қабылдау ережесімен белгіленеді.

25. Үміткерді мекемеге қабылдау кезінде оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін мекеме жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

26. Мектепке жанындағы шағын орталықтарға балаларды қабылдау және оларды шығару мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережесінің негізінде жүзеге асырылады.

7. Білім беру процесін ұйымдастыру (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ кестесі

27. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

28. Білім беру ұйымы оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін өз бетінше тандай алады.

29. Білім беру бағдарламасын меңгеру бітірушілерді міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде тәртіп білім алушылардың, педагогтардың адамдық кадр қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.


31. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі тәрбие жұмысы балалар мен ересектер арасындағы қатынастары тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

33. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, ұлттық, діни әлеуметтік ымырасыздық пен айырмашылықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

8. Мектепке дейінгі шағын орталық

34. Мектепке дейінгі шағын орталықтардың негізгі міндеттері:



- 1) балаларды ерте жастан әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;
- 2) әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, балалардың ақыл-ой, адамгершілік, дене бітімі, эстетикалық, эмоциялық, танымдық қабілеттерін дамыту;
- 3) балалардың денсаулығын сақтау;
- 4) балаларды күтуді, қарауды ұйымдастыру;
- 5) балалардың дамуындағы ауытқуларды уақытында түзеу;
- 6) ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру болып табылады.

35. Мектепке дейінгі шағын орталықтар мемлекеттік немесе жеке меншік болуы мүмкін.

36. Мектепке дейінгі шағын орталықтар мектепке дейінгі, мектептен тыс және арнаулы білім беру ұйымдарының, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері ретінде құрылуы мүмкін.

37. Мектеп дейінгі шағын орталықтардағы оқу-тәрбие процесі балалар үшін ерекше болып табылатын қызметтердің түрлерін ескере отырып жүзеге асырады: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық театрландырылған, қозғалыс белсендігі, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан қарауды, балалардың жастық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әр түрлі кіші топтармен жұмыс жасау мүмкіндігін көздейді.

38. Мектепке дейінгі шағын орталықтарға 3-5 жас аралығындағы балалар қабылданып, аптасына 5 күн, таңертең, сондай-ақ түстен кейін 4 сағатқа дейін жұмыс істей алады. Мектепке дейінгі шағын орталықтардың топтары жинақталуына қарай оқу жылының ішінде ашылады.

39. Мектепке дейінгі шағын орталықтардың жұмыс істеу тәртібі және балалардың оған келу ұзақтығы ішкі тәртіп ережесімен айқындалады.

9. Білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі

40. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізу заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген үлгі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

41. Қорытынды аттестаттауды ойдағыдай тапсырған коммуналдық мемлекеттік мекеменің бітірушілеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

10. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі мен тәртібі.

42. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет көрсету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.


43. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кенестер, конференциялар,



сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру (техникалық және қызмет көрсетуші еңбек мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беруге құқылы.

10) Орта білім беру базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықтарда балалардан (білім беру, дамыту, сауықтару) үшін ақы алынбайды.

11) Мектепке дейінгі шағын орталықтарда балалардың қанша мезгіл тамақпен қамтамасыз етілуі орталықтың арнайы қызметкерлерімен дайындалуы мүмкін немесе келісім бойынша жақын орналасқан мектепке дейінгі ұйымдардан немесе жалпы білім беретін мектептен жеткізілуі мүмкін. Баланы тамақтандыру ата-аналардың қаражаты есебінен ұйымдастырылады.

11. Мекеме мен білім алушылардың, тәрбиеленушілердің (немесе) ата-аналарының және өзге де өкілдерінің қатынастарын регламенттеу мен ресімдеу.

44. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім беру мекемесінде және қабылдау шарттарына сәйкес білім алу нысандарын таңдауға құқығы бар.

45. Білім алушылар тілек білдірген жағдайда мекеме олармен заңды құқықтар мен міндеттері көрсетілген оқу шартын (келісім-шартын) жасауға міндетті.

46. Білім алатын азаматтар білім алушылар болып табылады.

47. Білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

48. Білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да жеңілдіктер беріледі.

49. Білім алушылардың мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беретін мекемесінің жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

50. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

51. Он алты жасқа дейінгі балаларды орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

52. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулығына бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Білім беру ұйымдары медициналық пункттерге орындар береді.

53. Мекеменің сабақ кестесі білім алушылардың тамақтану мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын көздеуге тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МІНІСТЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МІНІСТЕРЛІГІ

12. Жұмыс режимі

54. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі ҚР Еңбек кодексімен реттеледі.

13. Өзара қарым-қатынас

55. Коммуналдық мемлекеттік мекеме пен мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның, коммуналдық мемлекеттік мекеме пен тиісті сала бойынша уәкілетті органның, коммуналдық мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама актілерімен реттеледі.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемені тарату және қайта құру

56. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін тоқтату, қайта құру және тарату арқылы жүзеге асырылады.

57. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, ажырату, қайта құру) құрылтайшының шешімі бойынша, не сот органдарының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

58. Таратылатын коммуналдық мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланылады.

